

Мәслихаттың 2016 жылғы 28 қыркүйектегі № 57 "Әуликөл ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 2018 жылғы 14 мамырдағы № 203 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 18 мамырда № 7773 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 2- тармағына сәйкес Әуликөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың 2016 жылғы 28 қыркүйектегі № 57 "Әуликөл ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6659 тіркелген, 2016 жылғы 27 қазанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Кезектен тыс сессияның төрағасы,
аудандық мәслихаттың хатшысы*

Д. Қойшыбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

"Әуликөл ауданы әкімдігінің
тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық,
жолаушылар көлігі және автомобиль
жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің
басшысы

_____ Қуанышбаев Б.А.
2018 жылғы "14" мамыр